

# 1928-1937 жылдар КАЗАК ДАЛАСЫ НЕГЕ КУРСИНДІ?

Тәүелсіз ел болғалы  
Кеңес өкіметі кезінде  
айтылмаған, айтылуға  
тыйым салынған көптеген  
тариҳи құнды деректері-  
мізді зерттеуге бет бұрып  
жатырмыз. Кейінгі жылда-  
ры қазақ халқының демо-  
графиялық мәліметтерді  
білуге деген қызығушылы-  
ғы артып, қазақ ұлты  
өз жерінде қалай азшы-  
лыққа ұшырады деген  
сауалдар әркімді де ойлан-  
дырапары сезіз.

Тариҳқа көз жүгіртетін бол-  
сақ, Қазақстанда XX ғасыр ірі  
тариҳи оқығалармен ерекше-  
ленеді. Өткен ғасырдың алғашқы жартысы – қазақ халқының өмірінде бетбұрысты кезең деп саналады. Әсіре, өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тариҳының қасіретті беттерін айғақтайды. Зерттеу-  
ши ғалымдар бір ғасырда бас-  
тан кешкен үш бірдей ашар-  
шылықты үш кезеңге бөліп  
каратырады.

Бірінші ашаршылық 1919-1922 жылдары болған. Осы жылдары 1,5 миллионға жуық адам шығыны болды. Ол көбінесе елдің оңтүстік аймақтарын қамтыды. Екінші ашаршылық – әртүрлі мәліметтер бойынша 1931-1933 жылдарды орын алғып, бул неубетте 2,5 млн. адам курбан болған. Ал, үшінші ашаршылық соғыстап кейін еліміздегі экономикалық ахуалдарға байланысты туындалды. Бірақ, бұл ашаршылық сол жылдарды халықтан жасырылды. Осылайша, қазақтар іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халқының жартысына жуығынан айырылған. Әлемдік тарих мұндай кең ауқымды ашаршылықты бұрын-соңды кездестірген емес. Соңдықтан осы қасіретті әрбір қазақ білуге міндепті және ешқашан ұмытпауы тиіс.

Қасіретті «Ұлы жұт» салда-  
рынан күні бүгінге дейін қазақ халқы өз жерінде демографиялық азшылыққа ұшырап отыр.

Батыстық немесе ресейлік ғалымдар ашаршылықтың болу себебін аяқрайынан қолайсыздығынан, құрғақшылық салдарынан егіннің шыкпай қалғанынан немесе жұқпалау аурулардың тарапалынан деген түсіндіргісі келеді. Ашаршылық кезінде қаншама қазақ қыршынынан қылды. Оған дәлел мұрағат деректері мен жарияланған материалдар негізінде ауыл тұрғындарының негізгі даму бағыттары анықталады. Сол сияқты 1920-1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптары, жаппай қоныс аудару, қөші-қон, 1930-1940 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың жер аударылуы мәселелері қарастырылған. Яғни Алексеенконың зерттеуі бойынша отызыншы жылдардағы қазақ халқының аштықтан қырлуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47,3 пайызын құрайды. Бүкілдақтық халық санақтары бойынша әртүрлі авторлардың зерттеулерінде қазақ халқы-

тер көрсетілген. Ал, белгілі демограф-ғалым М.Тетімовтің «1931-1933 жылдары ашаршылық кезінде Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн. адамның, соның ішінде 2,3 млн. қазақтың және 200 мың көлімсектің қайтыс болғаны анықталды. Оттықшы көлімсектер арасында аштықтаң өлгендер 10%-ға жетсе, көшпенді қазақтар арасында бұл көрсеткіш 52-53%-дан аспын кеткен. Осыдан жергілікті тұрғындардың 17-18 пайызы Қазақстаннан біржоа көшіп кеткен» деген мәліметтерін есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде кезеңде 70%-ға дейін кеміген көрінеді. М.Тетімов тағы бір жерде «1879, 1926, 1939 жылдардағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіргенмін. Көзімнің жеткені – 1939 жылғы санақта қазақ халқының санын айтартылғатай асырып жазғандығын аңғардым. Сонда, озбыр саясат «орыс емес» ұлттарды аяусыз қырып-жойғандығын жасырып қалғысы келген» дейді.

1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн. болса, арада 42 жыл өткен соң, 1939 жылғы санақта 2 млн. 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап оттырып, 42 жылда қазақтар азamat соғысы, байларды қемпескелеу, жаппай ұжымдастыру, 1932-33 жылдардағы аштық, 1937-38 жылдардағы репресия салдарынан миллионданған адамынан айырылған деуге өбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар – 30, өзбектер – 24, қыргыздар 16 пайызға көбейсе, қазақтар – 22 пайызға, україндықтар 21 пайызға кеміген.

Қазақстандық тарихшы А.Н.Алексеенконың өңбектері ауыл тұрғындарының табиги және көші-қон қозғалысын, халық санының есу динамикасын және оның ұлттық құрамын зерттеуге арналған. Көптеген мұрағат деректері мен жарияланған материалдар негізінде ауыл тұрғындарының негізгі даму бағыттары анықталады. Сол сияқты 1920-1930 жылдардағы ашаршылық және оның демографиялық зардаптары, жаппай қоныс аудару, қөші-қон, 1930-1940 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың жер аударылуы мәселелері қарастырылған. Яғни Алексеенконың зерттеуі бойынша отызыншы жылдардағы қазақ халқының аштықтан қырлуы 1 миллион 840 мың немесе қазақтың 47,3 пайызын құрайды. Бүкілдақтық халық санақтары бойынша әртүрлі авторлардың зерттеулерінде қазақ халқы-

ның сан жағынан кему көрсетілгенде шамалы айырмашылықтар байқалады. Мәселең, А.Н.Алексеенконың мәліметтерінде 1939 жылты қазақтардың саны 2 млн. 328 мың адам дөлінген.

XX ғасырдың 30-жылдарының басында сол бір неубет ашаршылықты жасаған, жаппай ұжымдастыру идеологиясының негізін салушы, сонымен қатар Қазақстандағы «Кіші Қазан» тәңкөрісінің негіздеушісі Ф.Голощекин болатын. Голощекиннің Қазақстанға келе сала қолға алған іci – жаппай қөнестендіру жүйесін енгізіп, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптастан әсертүрлі шарашылығын өзгертуге бағытталған идеясы. Қазақтың көшпелі өмір салтын оттықшылыққа айналдыру стратегиясы 1929 жылдан бастап Қоныстандыру басқармасының өзірлеген шаралары негізінде жүзеге асырыла бастады.

Менің атам Жұман Досыбайұлы 1889 жылы қазіргі Ордабасы ауданы, Ақжол елді мекенінде дуние есігін ашқан. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде патша өкіметінің отарлау саясаты мен кеңес өкіметінің сүркія саясатының бар қынышылығын басынан өткізді. 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыс және 1916 жылғы Ұлт азаттық көтерілістің қынышылығын, 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық пен қанды қырғындың көрді. 1937-1938 жылдардағы жаппай құғын-сүргін жылдарында отбасын аман алғып қалу үшін Өзбекстанға қоныс аударады. 1942 жылы атамыз өзінің кіндік қаны тамған жеріне қайта оралып, тылда жұмыс істеді. 1954-1957 жылдарда тың жұмыс атқарғанда атама берілген КСРО Қорғаныс комиссариатының қаруын облыстық елкетану мұражайына тапсырылған жерде. Бұл қару 1959 жылдың кеңестік өскерлердің тапсырысы бойынша жасалған. Атам 1976 жылы өмірден өткен соң, бул қаруды әкем Ізет маган аманат етіп тапсырылған болатын.

Бүгінгі үрпақ кеңестік деүірдегі трагедиялардың қайтапланбауы үшін өткен тарихты білу тиіс. Өткен тарихтың ақиқатын халыққа жеткізу арқылы оның сабактарын әрқашан есте сақтаймыз.

**Нұрлыйбек ДОСЫБАЙ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**ОКЗУ колledgejінің**  
**Қазақстан тарихы пәні**  
**окытушысы,**  
**саясаттанушы магистр.**